6D010300 – Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған Нурсулу Шермаханбетовна Абдраманованың «Жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалаудың психологиялық-педагогикалық негіздері (кейстік талдау)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына Ресми рецензенттің жазбаша пікірі

Р\с №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі	Нурсулу Шермаханбетовна Абдраманованың зерттеу тақырыбы «Жоғары оқу орындарында білім сапасын ішкі және сыртқы бағалаудың психологиялық-педагогикалық негіздері (Ұлттық жоғары оқу орындары материалдарындағы)» әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 21.10.2016ж. №4-3131 бұйрығымен деп бекітілген. Кейіннен шетелдік ғылыми кеңесші мен рецензенттердің ұсыныстарына сәйкес тақырып нақтыланып, «білім беру сапасын ішкі бағалау» бағытына шоғырландырылды және әдіснамалық жаңалық пен практикалық маңызын күшейту мақсатында кейстік талдау енгізілді. Нәтижесінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 16.05.2025ж. № 2290 бұйрығымен тақырып «Жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалаудың психологиялық-педагогикалық негіздері (кейстік талдау)» деп қайта бекітілген. Диссертациялық зерттеу Қазақстан Республикасында жоғары білім беру мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында айқындалған басым бағыттармен, ESG стандарттарының қағидаттарымен және білім беру сапасын қамтамасыз ету саласындағы халықаралық талаптармен толық сәйкес келеді.
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);	Ғылыми зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен 2021-2023 жылдарға арналған ғылымды дамытудың «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» және «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» негізгі

		2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	бағыттарына сәйкес келеді.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Ұсынылған диссертациялық жұмыс ғылымға елеулі үлес қосады, ал оның ғылыми және практикалық маңыздылығы толық ашылған. Зерттеуде жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалаудың теориялық негіздері жүйеленіп, ұғымдық аппарат нақтыланған, психологиялық-педагогикалық тұрғыдан негізделген құрылымдық-мазмұндық модель әзірленген. Кейстік талдау әдісінің сапаны ішкі бағалау контексінде ғылыми айналымға енгізілуі зерттеудің әдіснамалық жаңалығын айқындайды және ішкі бағалау үдерісін басқарудың тиімді тетіктерін ұсынады. Автор ұсынған модель, ПОҚ даярлығының құрылымы мен өлшемдері, сондай-ақ әзірленген арнайы курс пен элективті пәндер зерттеу нәтижелерінің практикалық құндылығын нақты дәлелдейді. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы алынған нәтижелердің негізділігі мен қолданбалылығы қамтамасыз етілген.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертанттың зерттеу аясындағы өзі жазу деңгейі жоғары деп бағаланады. Диссертациялық жұмыстың ғылыми аппараты толық, жүйелі және логикалық тұрғыдан негізделген, зерттеу нысаны, пәні, мақсаты мен міндеттері өзара үйлесімді айқындалған. Ғылыми болжам, жетекші идея және қорғауға ұсынылған қағидалар зерттеу мазмұнымен сабақтасып, тұжырымдар мен қорытындыларда нақты дәлелденген. Автор жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалаудың психологиялық-педагогикалық негіздерін теориялық және әдіснамалық тұрғыдан терең талдап, ұғымдық аппаратты нақтылап, құрылымдық-мазмұндық

			модель ұсынған. Кейстік талдау әдісін сапаны ішкі бағалау контексінде негіздеп, оның параметрлерін жүйелеуі зерттеудің дербестігі мен ғылыми жаңашылдығын айқындайды. Зерттеу нәтижелері тәжірибелік-эксперимент жұмыстары арқылы тексеріліп, негізделген ұсыныстар мен оқу-әдістемелік өнімдер (арнайы курс, элективті пәндер, мазмұндық жобалар) әзірленген. Диссертацияда берілген теориялық тұжырымдар мен практикалық ұсыныстардың дәйектілігі, логикалық бірізділігі және ғылыми негізділігі автордың зерттеуді өз бетінше, жоғары академиялық деңгейде орындағанын көрсетеді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Зерттеу тақырыбы жоғары білім беру жүйесінде сапаны қамтамасыз етудің ішкі тетіктерін жетілдіру қажеттілігімен негізделген. Қазіргі кезеңде жоғары оқу орындарын цифрландыру, халықаралық стандарттарға сәйкестендіру және сапаны басқарудың жаңа модельдеріне көшу жағдайында білім беру сапасын ішкі бағалаудың психологиялық-педагогикалық негіздерін ғылыми тұрғыдан жүйелеу өзекті мәселе болып табылады. Сонымен қатар, аталған мәселенің теориялық және әдіснамалық тұрғыдан жеткілікті деңгейде кешенді зерттелмеуі диссертациялық жұмыстың ғылыми өзектілігін айқындайды. Осы тұрғыдан алғанда, зерттеу тақырыбы толық негізделген.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертациялық жұмыс мазмұны «Жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалаудың психологиялық-педагогикалық негіздері (кейстік талдау)» тақырыбын толық әрі жүйелі түрде айқындайды. Зерттеу құрылымы ғылыми аппарат логикасына сәйкес құрылған: кіріспеде зерттеудің өзектілігі, мақсаты, міндеттері, нысаны мен пәні, болжамы және әдіснамалық негіздері нақты айқындалған. Бірінші бөлімде жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалаудың теориялық-әдіснамалық негіздері, ұғымдық аппараты, шетелдік және

			отандық тәжірибелер жан-жақты талданған. Екінші бөлімде сапаны ішкі бағалаудың психологиялық-педагогикалық қамтамасыз етілуі, профессорлық-оқытушылар құрамының даярлығының құрылымы мен критерийлері негізделіп, құрылымдық-мазмұндық модель ұсынылған. Үшінші бөлімде тәжірибелік-эксперименттік жұмыс мазмұны сипатталып, кейстік талдау әдісі арқылы алынған нәтижелердің тиімділігі дәлелденген. Қосымшаларда ұсынылған сауалнамалар, диагностикалық құралдар, сапаны жоспарлау картасы, арнайы курс бағдарламасы мен оқу-әдістемелік материалдар зерттеу мазмұнының практикалық бағытын нақтылайды. Осылайша, диссертация мазмұны зерттеу тақырыбына толық сәйкес келеді және онда қойылған ғылыми міндеттер жүйелі түрде шешілген.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді;</u> 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына толық сәйкес айқындалған және мазмұндық тұрғыдан өзара үйлесімді құрылған. Диссертацияның мақсаты – жоғары оқу орындарында сапаны ішкі бағалаудың психологиялық-педагогикалық негіздерін саралау, кейс-талдау арқылы білім беру сапасын ішкі бағалаудың тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыста тексеру, әдістемелік ұсыныстар әзірлеу – зерттеу барысында толық жүзеге асқан. Зерттеу міндеттері диссертация құрылымында жүйелі түрде көрініс тапқан: – жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалау теориясы мен практикасының қазіргі жағдайын, мәні мен мазмұнын, әсер ететін факторларын анықтауда қазақстандық және шетел тәжірибелерін талдау – бірінші бөлімде; – профессорлық-оқытушылар құрамының сапаны ішкі бағалауға даярлығының мазмұнын, критерийлері мен көрсеткіштерін негіздеу, сондай-ақ білім беру сапасын ішкі бағалаудың құрылымдық-мазмұндық моделін құрастыру – екінші бөлімде; – кейстік талдау әдісі негізінде сапаны ішкі бағалаудың тиімді тетіктерін

			айқындау, тәжірибелік-эксперименттік жұмысты ұйымдастыру және әдістемелік ұсыныстар әзірлеу – үшінші бөлімде нақты жүзеге асырылған. Сонымен қатар, зерттеу аясында арнайы курс, элективті пәндер мазмұны және диагностикалық құралдар әзірленіп, олардың тиімділігі тәжірибеде тексерілген. Бұл қойылған міндеттердің тақырыпқа толық сәйкестігін және мақсатқа жетудің ғылыми негізділігін дәлелдейді. Автор зерттеу тақырыбына қатысты ғылыми әдебиеттерді кешенді талдап, теориялық тұжырымдарды тәжірибелік нәтижелермен ұштастыра отырып, материалды жүйелі, логикалық бірізділікпен баяндаған. Осы тұрғыдан алғанда, диссертацияның мақсаты мен міндеттері тақырып мазмұнына толық сәйкес келеді.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан;</u> 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ	«Жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалаудың психологиялық-педагогикалық негіздері (кейстік талдау)» атты диссертациялық жұмыс барлық бөлімдері мен құрылымы жағынан логикалық тұрғыда өзара тығыз байланысқан, біртұтас ғылыми зерттеу ретінде жүйелі құрылған. Зерттеу жұмысының құрылымы (кіріспе, үш бөлім, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі және қосымшалар) ғылыми ізденістің ішкі логикасына толық сәйкес келеді. Кіріспеде айқындалған ғылыми аппарат (мақсат, міндеттер, нысан, пән, болжам, әдістер) негізгі бөлімдердің мазмұнында кезең-кезеңімен жүзеге асырылып, қорытындыда жүйелі түрде жинақталған. Бірінші бөлімде теориялық-әдіснамалық негіздер айқындалса, екінші бөлімде осы теориялық тұғырлар негізінде құрылымдық-мазмұндық модель мен критерийлік аппарат ұсынылған, ал үшінші бөлімде олардың тәжірибелік-эксперименттік тексерілуі мен нәтижелері дәлелденген. Осылайша, зерттеу теориялық негізделген және эмпирикалық нәтижелермен бекітілген ғылыми тұғырлар жүйесі түрінде ұсынылған. Бөлімдердің атаулары диссертация мазмұнын дәл бейнелейді және зерттеудің

			кезеңдік логикасын сақтайды. Өзара байланысқан теориялық тұжырымдар, модельдік құрылым, өлшемдер мен көрсеткіштер жүйесі жұмыстың тұтастығын, мазмұндық және құрылымдық бірлігін айқындайды.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Ізденуші отандық және шетелдік ғылыми еңбектерге, сапа менеджменті теорияларына және білім беру сапасын қамтамасыз ету жүйелеріне сүйене отырып, кешенді сыни талдау жүргізген. Диссертацияда жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалау мәселесі қолданыстағы теориялық модельдер, аккредитациялық және мониторингтік жүйелер аясында қарастырылып, олардың артықшылықтары мен шектеулері сараланған. Автор ішкі және сыртқы бағалау тетіктерін салыстырып, сыртқы бақылауға шамадан тыс бағдарлану педагогикалық үдерістің психологиялық-педагогикалық қырларын елемеуге әкелуі мүмкін екенін негіздейді. Ұсынылған құрылымдық-мазмұндық модель мен кейстік талдау параметрлері дәстүрлі формалданған тәсілдермен салыстырылып, олардың практикалық икемділігі мен басқарушылық әлеуеті дәлелденген. Сапаны ішкі бағалаудың психологиялық-педагогикалық моделі, ПОҚ даярлығын бағалау критерийлері және кейстік талдау өлшемдері ғылыми тұрғыда негізделіп, тәжірибелік-эксперимент арқылы тексерілген. Осылайша, диссертацияда ұсынылған қағидаттар мен әдістер сыни талдау негізінде салыстырмалы бағаланып, олардың тиімділігі ғылыми негізде дәлелденген.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем)	Н.Ш.Абдраманованың диссертациялық жұмысы жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалаудың психологиялық-педагогикалық негіздеріне қатысты жеткілікті деңгейде жүйеленбеген мәселелерді кешенді қарастырады. Зерттеу барысында «ішкі бағалау», «сапаны ішкі бағалау», «білім беру сапасын ішкі бағалау» ұғымдары теориялық-әдіснамалық тұрғыдан талданып, авторлық анықтамалар

			ұсынылған. ЖОО-да білім беру сапасын ішкі бағалауды психологиялық-педагогикалық қамтамасыз етудің құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленіп, кейстік талдау оның тиімді құралы ретінде ғылыми негізделген. ПОҚ-тың даярлығын бағалау компоненттері, критерийлері мен деңгейлері айқындалып, диагностикалық құралдар мен оқу-әдістемелік өнімдер ұсынылған. Жүйелілік, тұлғалық-бағдарлы, іс-әрекеттік, құзыреттілік және квалиметриялық тұғырлар кешенді қарастырылып, алынған нәтижелер теориялық және тәжірибелік-эксперименттік тұрғыда дәлелденген. Осыған орай, диссертация нәтижелері жаңа сипатқа ие және педагогика ғылымындағы білім беру сапасын ішкі бағалау бағытын дамытуға елеулі үлес қосады әрі ғылыми нәтижелері мен қағидаттар толығымен жаңа болып табылады.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем)	Диссертацияның қорытындылары толықтай жаңа ғылыми нәтижелер ретінде бағаланады. Зерттеу барысында жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалаудың педагогикалық-психологиялық мазмұны алғаш рет кешенді негізделіп, ұғымдық аппарат нақтыланып, авторлық анықтамалар ұсынылған. Қорытындада сапаны ішкі бағалаудың құрылымдық-құрылымдық моделі, кейстік талдаудың өлшемдері мен параметрлері, профессорлық-оқытушылар құрамының даярлығын бағалау критерийлері жүйеленіп, олардың өзара байланысы ғылыми тұрғыдан дәлелденген. Сапаны ішкі бағалауды жетілдіруге бағытталған психологиялық-педагогикалық қамтамасыз ету тетіктері мен әдістемелік ұсыныстар тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерімен негізделген. Автордың диссертация бойынша жасаған қорытындылары толығымен жаңа деуге толық негіз бар. Зерттеу нәтижелері теориялық тұжырымдармен қатар, диагностикалық құралдар, арнайы курс бағдарламалары және басқарушылық ұсыныстар арқылы практикалық жаңалыққа ие. Алынған

			нәтижелер ұсынылған ғылыми болжамды растаумен қатар, білім беру сапасын ішкі бағалау мәселесіне жаңа әдіснамалық және қолданбалы бағыт ұсынады. Осы тұрғыдан алғанда, диссертацияның қорытындылары ғылыми жаңалығы мен мазмұндық тереңдігі жағынан толығымен жаңа болып табылады.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем)	Рецензияланып отырған диссертациялық жұмыс әлеуметтік ғылымдар саласына, нақтырақ айтқанда педагогика және білім беру сапасын бағалау мәселелеріне арналған. Зерттеу мазмұны техникалық, технологиялық немесе экономикалық сипаттағы шешімдерді әзірлеуді мақсат етпейді. Сондықтан аталған критерий диссертацияның ғылыми бағыты мен зерттеу пәнінің ерекшелігіне байланысты бағалау нысаны ретінде қолданылмайды.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде **негізделген**/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертациялық жұмыстың барлық негізгі қорытындылары ғылыми тұрғыдан жеткілікті деңгейде *негізделген* және теориялық талдау мен эмпирикалық зерттеу нәтижелерімен дәлелденген. Біріншіден, жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалаудың мәні, мазмұны және ұғымдық аппараты отандық және шетелдік ғылыми еңбектерге сүйене отырып жүйелі түрде талданған, «сапа», «білім беру сапасы», «ішкі бағалау» ұғымдарына авторлық анықтамалар берілген. Теориялық тұжырымдар педагогикалық, психологиялық және сапа менеджменті тұғырлары негізінде дәйектелген. Екіншіден, профессорлық-оқытушылар құрамының сапаны ішкі бағалауға даярлығының құрылымы, компоненттері, критерийлері мен деңгейлері ғылыми негізделіп, әдіснамалық тұғырлармен (жүйелілік-белсенділік, құзыреттілік, андрогогикалық, квалиметриялық) дәлелденген. Ұсынылған құрылымдық-мазмұндық модель теориялық пайымдаулар мен практикалық қажеттіліктердің бірлігінде жасалған. Үшіншіден, кейстік талдау әдісінің параметрлері мен өлшемдері жүйеленіп, олардың тиімділігі тәжірибелік-

			эксперименттік жұмыс барысында тексерілген. Сауалнамалар, сараптамалық бағалау, деректерді сандық және сапалық өңдеу нәтижелері қорытындылардың объективтілігін қамтамасыз етеді. Төртіншіден, ұсынылған әдістемелік материалдар (арнайы курс, элективті пән бағдарламалары, диагностикалық құралдар) тәжірибеде апробациядан өтіп, олардың тиімділігі нақты көрсеткіштер арқылы негізделген. Жалпы алғанда, автордың ғылыми тұжырымдары теориялық талдау, салыстырмалы зерттеу нәтижелері және тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында алынған эмпирикалық деректер негізінде дәлелденген және ғылыми зерттеулерге қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? <u>1) дәлелденді;</u> 2) шамамен дәлелденді 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; <u>2) жоқ</u> 7.3 Жаңа ма? <u>1) ия;</u> 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; <u>3) кең</u> 7.5 Мақалада дәлелденген бе? <u>1) ия;</u> 2) жоқ	Қорғауға ұсынылған негізгі қағидаттар ғылыми тұрғыдан негізделіп, жүйелі түрде сұрыпталған және теориялық-эмпирикалық дәлелдемелермен дәйектелген. 7.1 Әрбір қағидат диссертацияның теориялық бөлімдерінде әдіснамалық тұғырлармен негізделіп, тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері арқылы дәлелденген. Ұсынылған құрылымдық-мазмұндық модель, кейстік талдау өлшемдері, ПОҚ даярлығының критерийлері мен көрсеткіштері эмпирикалық деректермен расталған. 7.2 Тривиалды емес. Қорғауға шығарылған тұжырымдар жалпыға мәлім қағидаларды қайталаумен шектелмейді. Олар жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалаудың психологиялық-педагогикалық аспектілерін кешенді түрде қарастырып, қолданыстағы формалды бағалау тәсілдерінен мазмұндық тұрғыдан ерекшеленетін ғылыми негізделген шешімдер ұсынады. 7.3 Ізденушінің қол жеткізген қорытындыларының жаңалық дәрежесі келесідей: *1-ғылыми нәтиже – жаңа:* білім беру сапасын ішкі бағалаудың ұғымдық аппараты нақтыланып, авторлық анықтамалар ұсынылған. *2-ғылыми нәтиже – жаңа:* профессорлық-

			оқытушылар құрамының сапаны ішкі бағалауға даярлығының құрылымы, компоненттері, критерийлері мен деңгейлері айқындалған. *3-ғылыми нәтиже – жаңа:* білім беру сапасын ішкі бағалаудың кейстік талдау өлшемдері жүйеленіп, ғылыми негізделген. *4-ғылыми нәтиже – жаңа:* жоғары оқу орындарында сапаны ішкі бағалаудың құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленіп, тиімділігі тәжірибеде тексерілген. *5-ғылыми нәтиже – жаңа:* сапаны ішкі бағалауды жетілдіруге бағытталған арнайы курс, элективті пәндер және әдістемелік ұсыныстар әзірленіп, апробациядан өткен. 7.4 Ұсынылған қағидаттар мен құрылымдық-мазмұндық модельді жоғары оқу орындарының ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесінде, білім беру бағдарламаларын жетілдіру үдерісінде, профессорлық-оқытушылар құрамының біліктілігін арттыру жүйесінде, сондай-ақ педагогикалық және білім беру менеджменті саласындағы ғылыми зерттеулерде кеңінен қолдануға болады. Олардың теориялық негізділігі мен тәжірибелік апробациясы қолданылу ауқымының кеңдігін және практикалық мәнінің жоғары екенін айқындайды. 7.5 Диссертацияның негізгі қағидаттары мен нәтижелері ғылыми жарияланымдарда көрініс тапқан. Атап айтқанда, 4 мақала – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда, 2 мақала – Scopus дерекқорына енген шетелдік ғылыми журналдарда, 5 мақала – халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар материалдары жинақтарында жарияланған.
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	Диссертацияда қолданылған әдіснамалық тұғырлар нақты айқындалып, жүйелі түрде негізделген, ал зерттеу әдістері осы әдіснамалық негізге сәйкес ғылыми тұрғыдан дұрыс таңдалған. Зерттеудің теориялық негізі философиялық, психологиялық-педагогикалық және білім беру үдерістерін

			басқару теорияларына, сондай-ақ жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалау мәселелеріне арналған ғылыми еңбектерге сүйенеді. Жұмыста квалиметриялық, жүйелік-құрылымдық, гуманитарлық және кешендік әдіснамалық ұстанымдарға талдау жасалып, олардың зерттеу логикасымен үйлесімділігі дәлелденген. Сонымен қатар, зерттеу дизайнын таңдауда кейстік талдаудың философиялық бағыттары (реалистік-постпозитивистік, прагматикалық-конструктивистік, интерпретациялық) сараланып, тәсіл зерттеу мақсатына сәйкес негізделген. Деректерді жинау мен өңдеуде теориялық, эмпирикалық және сандық-сапалық талдау әдістері қолданылған. Әдіснамалық негіз бен әдістердің өзара сәйкестігі зерттеудің ғылыми сенімділігін қамтамасыз етеді.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыстың нәтижелері заманауи цифрлық құралдар мен деректерді статистикалық өңдеудің ғылыми негізделген әдістерін қолдану арқылы алынған. Зерттеу барысында мәліметтер онлайн форматта (Google платформасы арқылы) жинақталып, эмпирикалық деректерді талдау үшін математикалық-статистикалық әдістер, соның ішінде Спирменнің дәрежелік корреляциялық талдауы пайдаланылған. Сандық нәтижелер пайыздық көрсеткіштер арқылы жүйеленіп, салыстырмалы, динамикалық және корреляциялық талдау жүргізілген. Алынған деректер компьютерлік технологиялар көмегімен өңделіп, кестелер мен диаграммалар арқылы сандық және сапалық тұрғыдан интерпретацияланған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер	Диссертациялық жұмыста жасалған теориялық тұжырымдар, ұсынылған құрылымдық-мазмұндық модель және айқындалған өзара байланыстар педагогикалық эксперимент нәтижелерімен дәлелденіп, эмпирикалық деректер арқылы расталған. Зерттеу барысында жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалаудың

		педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	психологиялық-педагогикалық негіздері теориялық тұрғыдан негізделіп, тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында тексерілген. Эксперимент әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Абай атындағы ҚазҰПУ, Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ және Эрзинджан Биналы Йылдырым университеттерінде жүргізіліп, 260 респонденттті (студенттер, оқытушылар, әкімшілік өкілдері) қамтыған. Зерттеу барысында сапаны ішкі бағалау параметрлері, кәсіби құзыреттілік көрсеткіштері, оқу үдерісіне қанағаттану деңгейі, мотивациялық және ұйымдастырушылық факторлар кешенді түрде өлшенген. Ұсынылған модельдің тиімділігі кәсіби құзыреттіліктің қалыптасу динамикасы (жоғары, орта, төмен деңгейлер), салыстырмалы талдау кестелері, рейтингтік бағалау нәтижелері және үш жылдық көрсеткіштердің оң өзгерісі арқылы дәлелденген. Сонымен қатар, білім беру үдерісін қабылдау мен оқу жағдайларына қанағаттанушылық арасындағы статистикалық мәнді корреляциялық байланыстар (Спирмен коэффициенті) анықталып, гипотезалар эмпирикалық түрде расталған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған/ ішінара расталған / расталмаған	Диссертацияда зерттеу мәселесіне қатысты отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерге жан-жақты әрі сыни талдау жүргізілген. Зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық құжаттарына (ҚР «Білім туралы» Заңы, ҚР Үкіметінің жоғары білімді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы, ESG стандарттары, ISO сапа менеджменті жүйелері және т.б.), сондай-ақ жоғары білім сапасын қамтамасыз ету, ішкі бағалау жүйелері, квалиметрия, педагогикалық менеджмент, психологиялық даярлық мәселелеріне арналған беделді ғылыми еңбектерге негізделген. Зерттеу барысында сапаны басқару теориясы, ішкі және сыртқы бағалау модельдері, кейстік талдау әдіснамасы, жүйелілік, құзыреттілік және андрагогикалық тұғырлар бойынша халықаралық және ұлттық деңгейдегі

			ғылыми дереккөздер пайдаланылған. Маңызды теориялық тұжырымдар нақты әдебиеттерге сілтемелер арқылы дәлелденіп, авторлық пайымдаулармен қорытындыланған. Бұл диссертацияның ғылыми негізділігін және дәйектілігін қамтамасыз етеді.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Диссертациялық жұмыста пайдаланылған әдебиеттер тізімі зерттеу тақырыбы бойынша жан-жақты әдеби шолу жасауға жеткілікті (барлығы 171 дереккөз). Тізім отандық және шетелдік ғылыми еңбектерді, монографияларды, диссертациялық зерттеулерді, нормативтік құжаттарды, халықаралық стандарттарды, сондай-ақ Scopus дерекқорына енген мақалаларды қамтиды. Әдебиеттер диссертация мәтінінде сілтеме жасалу ретімен рәсімделген. Теориялық, әдіснамалық және практикалық бағыттағы дереккөздердің үйлесімді ұсынылуы зерттеу мәселесінің кешенді қарастырылғанын көрсетеді және диссертацияның ғылыми-әдіснамалық негізін қалыптастыруға толық мүмкіндік береді.
9.	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Диссертациялық зерттеудің теориялық маңызы айқын. Жұмыста жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалаудың психологиялық-педагогикалық негіздері жүйеленіп, «ішкі бағалау», «сапаны ішкі бағалау», «білім беру сапасын ішкі бағалау» ұғымдарының мазмұны нақтыланған. ПОҚ-тың сапаны ішкі бағалауға даярлығының құрылымы мен критерийлері айқындалып, білім беру сапасын ішкі бағалауды психологиялық-педагогикалық қамтамасыз етудің құрылымдық-мазмұндық моделі ұсынылған. Сонымен қатар, кейстік талдау білім беру сапасын ішкі бағалау құралы ретінде теориялық тұрғыдан негізделген. Ұсынылған тұжырымдар мен қағидалар педагогикалық менеджмент, сапа менеджменті және жоғары білім сапасын бағалау саласындағы теориялық ізденістерді толықтырып, осы бағыттағы кейінгі ғылыми зерттеулерге әдіснамалық негіз бола алады.

		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Диссертациялық зерттеудің практикалық маңызы жоғары. Жұмыс нәтижесінде жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалауды ұйымдастыруға арналған нақты әдістемелік ұсынымдар, бағалау критерийлері мен диагностикалық құралдар әзірленіп, тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында апробациядан өткен. ПОҚ-қа арналған «ЖОО-дағы білім беру сапасын ішкі бағалау моделі» арнайы курсы, «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының мазмұнына енгізілген «Мектептегі білім беру сапасының менеджменті» пәні бойынша жекелеген тақырыптар және «Білім беру сапасын бағалаудың педагогикалық-психологиялық негіздері» элективті пәні әзірленген. Сонымен қатар, аталған пәндер бойынша студенттердің өзіндік жұмыстарының мазмұны құрастырылған. Курстар бағдарламалары «Педагогтың кәсіби стандарты» талаптарына негізделіп жасалған. Осылайша, алынған нәтижелерді жоғары оқу орындарының оқу үдерісінде және ішкі сапа менеджменті жүйесінде тікелей қолдану мүмкіндігі жоғары.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем)	Диссертациялық жұмыста ұсынылған практикалық ұсынымдар толығымен жаңа сипатқа ие. Зерттеу нәтижесінде жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалауды жетілдіруге бағытталған әдістемелік ұсынымдар, бағалау критерийлері мен диагностикалық құралдар алғаш рет кешенді түрде ұсынылған. ПОҚ-қа арналған «ЖОО-дағы білім беру сапасын ішкі бағалау моделі» арнайы курсы, «Білім беру сапасын бағалаудың педагогикалық-психологиялық негіздері» элективті пәні, сондай-ақ «Мектептегі білім беру сапасының менеджменті» пәнінің мазмұндық толықтырулары зерттеу нәтижелері негізінде әзірленген. Бұл оқу-әдістемелік өнімдер «Педагогтың кәсіби стандарты» талаптарына сәйкес құрастырылып, тәжірибелік апробациядан өткен.

			Ұсынылған практикалық шешімдер білім беру сапасын ішкі бағалау үдерісін жетілдіруге, ішкі сапа менеджменті жүйесін тиімді ұйымдастыруға және профессорлық-оқытушылар құрамының кәсіби даярлығын арттыруға бағытталған. Осы тұрғыдан алғанда, практикалық ұсынымдар мазмұны мен қолданылу бағыты бойынша толығымен жаңа болып табылады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары 2) орташа 3) орташадан төмен 4) төмен	Ізденушінің академиялық жазу сапасы жоғары деп бағаланады. Диссертация ғылыми стиль нормаларына сәйкес, логикалық бірізділік пен мазмұндық тұтастық сақтала отырып жазылған. Диссертацияда терминологиялық бірізділік сақталып, негізгі ұғымдар теориялық тұрғыдан негізделіп, мазмұндық тұрғыда айқындалған. Мәтінде техникалық және орфографиялық қателер байқалмайды, құрылымы мен рәсімделуі қолданыстағы нормативтік талаптарға сай орындалған. Жалпы алғанда, жұмыс ғылыми мәтінге қойылатын талаптарға толық жауап береді.
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертациялық жұмысқа жалпы оң баға бере отырып, ғылыми мазмұнын одан әрі жетілдіру мақсатында төмендегідей ескертулер мен ұсыныстар білдіруге болады: - Зерттеу барысында шетелдік жоғары оқу орындарының тәжірибесі қарастырылғанымен, оларды қазақстандық ЖОО-лармен салыстырмалы-талдамалық форматта (нақты индикаторлар, өлшемдер, басқару модельдері бойынша) жүйелірек кестелік немесе құрылымдық талдау түрінде ұсыну жұмыстың аналитикалық тереңдігін арттыра түсер еді. - Диссертацияда ұсынылған құрылымдық-мазмұндық модель мазмұндық жағынан негізделген. Дегенмен, модельді енгізудің тәуекелдері мен шектеулерін (институционалдық, кадрлық, мотивациялық факторлар тұрғысынан) жеке талдау бөлімінде көрсету зерттеудің қолданбалы құндылығын күшейтер еді. Аталған ұсыныс-ескертпелер диссертациялық жұмыстың жалпы

			ғылыми деңгейін төмендетпейді және оның теориялық, әдіснамалық және практикалық маңыздылығына әсер етпейді. Жалпы алғанда, жұмыс мазмұндық тұрғыдан жүйелі, ғылыми негізделген және аяқталған зерттеу болып табылады.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді.		Докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша жарияланған ғылыми мақалаларында мына мәселелер жан-жақты, толыққанды қамтылған: - жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалаудың психологиялық-педагогикалық негіздері; - «білім беру сапасы» ұғымының мазмұндық талдауы; - сапаны бағалау критерийлері мен көрсеткіштері; - сараптамалық және кейстік талдау нәтижелері. Мақалаларда зерттеудің теориялық, әдіснамалық және тәжірибелік аспектілері жүйелі түрде ашылып, ғылыми дәйектілік сақталған. Жарияланымдардың мазмұны диссертацияда қорғауға ұсынылған негізгі қағидаттармен толық сәйкес келеді және зерттеу нәтижелерінің апробациядан өткенін көрсетеді. Ғылыми еңбектерде мәселе сыни талданып, авторлық тұжырымдар негізделген, халықаралық ғылыми кеңістікте талқылауға ұсынылған. Осылайша, докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейі жоғары деп бағаланады.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		1) Философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру

«6D010300 – Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Жоғары оқу орындарында білім беру сапасын ішкі бағалаудың психологиялық-педагогикалық негіздері (кейстік талдау)» тақырыбындағы диссертация ғылыми жаңалығы және практикалық маңыздылығы бар, мазмұндық жағынан аяқталған, дербес орындалған ғылыми-зерттеу жұмысы болып табылады. Жұмыс Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі бекіткен «Дәрежелер беру қағидалары» талаптарына толық сәйкес келеді.

Осыған байланысты докторант Нурсулу Шермаханбетовна Абдрамановаға «6D010300 – Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге болады деген қорытынды жасаймын.

Ресми рецензент:
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық зерттеу университетінің бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі кафедрасының профессор-зерттеушісі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор **С.К.Абильдина**



РАСТАЙМЫН.
Ғалым хатшы _____
Н.Е. Тутинова
2026 ж. «18» ақпанда